**Жапонияның халықаралық ынтымақтастық банкінің жеңілдетілген заемдары мен коммерциялық несиелері есебінен қаржыландыруға ұсынылатын басымдықты жобалардың тізбесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 қараша N 1711

Астана қаласын, инфрақұрылымды дамыту жобаларын іске асыру және Қазақстан Республикасының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жапонияның халықаралық ынтымақтастық банкінің жеңілдетілген заемдары мен коммерциялық несиелері есебінен қаржыландыруға ұсынылатын басымдықты жобалардың қоса беріліп отырған тізбесі (бұдан әрі - Қосымша) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қосымшада аталған басымдықты жобалардың (бұдан әрі - жобалар) бекітілген тізбесін Жапонияның Үкіметіне жіберсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасына жеңілдетілген заемдар мен коммерциялық несиелерді беру жөнінде Жапонияның Үкіметімен келіссөздер жүргізу жөніндегі үйлестіруші орган болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі екі апта мерзім ішінде белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасының 1999-2001 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 772 P990772_ қаулысымен бекітілген, 1999-2001 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына осы қаулыға сәйкес өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қосымшаға сәйкес Заемдар мен несиелерді беру туралы келісімге қол қою жөніндегі жұмысты жүргізсін.

Жыл сайын республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде оның құрамында осы қаулының шеңберінде жасалатын келісімдерге сәйкес жобаларды іске асыруға арналған сомалар мен республикалық бюджеттен оларды уақытында қаржыландыру үшін қаражат көзделсін.

6. Қазақстан Республикасының жобаларды іске асыру үшін жауапты министрліктері мен басқа да мемлекеттік органдары қысқа мерзімде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жобаларға экономикалық сараптама жүргізу үшін техникалық-экономикалық негіздемелерді тапсырсын.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жапония Үкіметінің 1998 қаржы жылындағы жеңілдікті заемдарының есебінен қаржыландыруға жататын жобалардың тізбесі туралы" 1998 жылғы 1 желтоқсандағы N 1216 және "Жапония Үкіметінің жеңілдетілген заемдарының есебінен 1999-2003 жылдары қаржыландыруға ұсынылатын орта мерзімді жобалардың тізімі туралы" 1998 жылғы 15 желтоқсандағы N 1216 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 15 қарашадағы N 1711 қаулысымен
бекітілген

Жапонияның халықаралық ынтымақтастық банкінің (JBIC) жеңілдетілген заемдары мен коммерциялық несиелерінің есебінен қаржыландыруға ұсынылатын басымдықты жобалардың тізбесі

1. Жеңілдетілген заемдар (млн. АҚШ долл.)

| р/с N | Жобаның атауы | Жобаның құны | Жауапты ұйым | Жобаның негіздемесі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Автокөліктің халық ден. саулығына және қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайту (Батыс Қазақстанның автокөлік жолдарын қалпына келтіру) | 170,00 | Көлік және коммуника. циялар министрлігі | Батыс Қазақстандағы жол торабының техникалық жағ. дайын жақсарту; негізгі: Атырау-Махамбет-Орал және Ақтөбе-Қарабұтақ-Қостанай (Қостанай облысының шекара. сына дейін) негізгі халық. аралық бағыттардың басымдық берілетін бөлігін қалпына келтіру. Автомагистраль бойында санитарлық қорғау орман аймағын құру. Жанар-жағармай сапасын жақсарту және этильденген жанармай |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | қолдануды қысқарту |
| 2 | Астана қаласының эколо. гиялық жағдайы мен су қорларын жақсарту (Астана қаласын сумен және ішуге арналған сумен қамтамасыз ету жүйесін жақсарту) | 162,00 | Астана қаласының әкімшілігі, "Астананы дамыту корпора. циясы" жабық акционер. лік қоғамы | Астана қаласының су қорла. рын, экологиялық жағдайын, эпидемиологиялық шарттарын жақсарту. Су тазартудың жабдықтары мен технология. сын қайта жаңғырту, қалпы. на келтіру және тораптарды дамыту, сондай-ақ жер асты сулар қайнар көзін қолдану, Нұра өзенінің және "Нұра-Есіл" каналының түбін тазарту арқылы халық тұтынып отырған судың сапасын арттыру |
| 3 | Астана қаласының эколо. гиялық жағдайы мен су қорларын жақсарту (Ағынды суды тазалау станциясын салу, торап. тарды қалпына келтіру және дамыту) | 231,00 | Астана қа. ласының әкімшілігі, "Астананы дамыту корпора. циясы" жабық акционер. лік қоғамы | Астана қаласының экология. лық жағдайын,эпидемиология. лық шарттарын жақсарту. Астана қаласында канализа. ция торабын қалпына келтіре отырып, осы заманғы тазалау станцияларын және техникалық су құбырлары жүйесін салу арқылы ағынды суларды тазарту |
| 4 | Астана қаласының эколо. гиялық жағдайы мен ат. мосферасын жақсарту. (Астана қаласының энер. гетикалық жүйесін қайта жаңғырту және дамыту) | 200,00 | Астана қа. ласының әкімшілігі, "Астананы дамыту корпорация. сы" жабық акционерлік қоғамы | Астана қаласының энергия жүйесін қайта жаңғырту және дамыту арқылы оның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайту есебінен эко. логиялық жағдайды жақсарту |
| 5 | Қала тұрғындарының | 65,00 | Астана қа. | Астана қаласының инфрақұры. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында, Астана қаласының инрфқұрылымын жақсарту. (Астана қаласының телекоммуникациялар торабын дамыту) | | ласының әкімшілігі, "Астана дамыту корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы | лымын телекоммуникация тораптарын, мультимедианы, станция жабдықтарын қайта жаңғырту және жаңа технологияны енгізу арқылы жақсарту |
| 6 | Автокөліктің халық денсаулығына және қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайту және Донское - Краснооктябрьский кен орыны теміржол бағытын салу. | 390,00 | Көлік және коммуникациялар министрлігі | Көршілес мемлекеттер (Ресей) аумағын қолданбай, Орталық Қазақстаннан Батыс Қазақстанға шығу. Тасымалдау қашықтығын қысқарту, эксплуатациялық шығындарды азайту. Теміржол бойында санитарлық қорғау орман аймағын құру. Дизельдік жанар-жағармайдың жану көлемін азайту есебінен парниктік газдардың көлемін азайту |

II. Коммерциялық несиелер

| р/с N | Жобаның атауы | Жобаның құны | Жауапты ұйым | Жобаның негіздемесі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырын салу | Анықталуда | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "ҚазТрансОйл" | Атырау мұнай өңдеу зауытының үзіліссіз жұмыс істеп тұруы үшін осы зауытқа мұнай өнімдерінің келіп тұруын қамтамасыз ету. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | мұнай тасымал. дау ұлттық компаниясы | Қазақстанның энерге. тикалық тәуелсіздігін құру |
| 2 | Атырау аймағында эко. логиялық жағдайды жақсарту мақсатында Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру | Анық. талуда | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясы | Атмосфераға зиянды газдар. дың босап шығуын төмендету, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану дәрежесін азайту арқылы Атырау аймағының экологиялық жағдайын жақсарту. Зауыттың өңдеу қуатын арттыру (жабдықтар мен технологияны қайта жаңғырту) арқылы Қазақстан. ның энергетикалық тәуелсіз. дігін қамтамасыз ету |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК